

Қазақстан Республикасының 1992 жылы туған еркек жынысты азаматтарын шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданының Әкімінің 2009 жылғы 4 ақпандағы № 5 шешімі.
Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 ақпанда № 9-16-82 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес **ШЕШТІМ:**

1. Қазақстан Республикасының 1992 жылы туған тіркеу жүргізілетін жылы 17 жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын, сонымен қатар бұрын тіркеуге алынбаған жасы үлкен азаматтарды 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында "Қостанай облысы Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жүргізілсін.

2. Ауылдар, селолар мен селолық округтердің әкімдері:

1) кестеге сәйкес бозбалаларға уақытында хабарлауды, олардың Науырзым ауданының шақыру учаскесіне келуін қамтамасыз етсін;

2) бозбалаларды жеткізуді адамдар тасымалдау үшін арнаулы жабдықталған көліктермен жүргізісін;

3) қосымша медициналық тексеруге жіберілген әскер жасына дейінгілерге бақылау жүргізісін.

3. "Науырзым ауданының білім беру бөлімі" (Ж.М. Шаяхметова), "Қостанай облысы әкімдігі білім беру басқармасының № 8 кәсіптік лицей" (Қ.Қ. Байділдинов) (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері кестеге сәйкес аудандық шақыру учаскесіне 1992 жылы туған бозбалалармен ілесіп жүру үшін бастапқы әскери дайындық оқытушыларын жіберу ұсынылсын.

4. "Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Науырзым ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (О.Ф. Жанатов) (келісім бойынша):

1) тіркеу жүргізілетін күндері қоғамдық тәртіпті сақтау үшін шақыру учаскесіне полиция қызметкерлерін бөлу;

2) кестеге сәйкес келу күндері әскер жасына дейінгілерді аудандық тіркеу комиссиясына жеткізу мақсатында полицияның учаскелік инспекторларын жіберу;

3) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіру және тіркеу учаскесіне жеткізу жөніндегі жұмыстарды өз құзыреті шегінде ұйымдастыру ұсынылсын.

5. Меншік нысанына қарамастан ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелер басшыларына азаматтардың әскер жасына дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақтала отырып, жұмыстан (оқудан) босатылатынын ескеру ұсынылсын. Медициналық куәліктендіру, тіркеу жөніндегі комиссияның жұмысына тартылған мамандардың, тіркеуді өту кезеңінде тіркеуге жататын еркек жынысты азаматтардың жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақталады.

6. "Науырзым ауданының білім беру бөлімі" (Ж.М. Шаяхметова), "Қостанай облысы Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" (Қ.С. Сыздықов) (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері бірлесе отырып әскери оқу орындарына іріктеп алынған үміткерлердің құжаттарын дайындауы қамтамасыз етілсін, бұқаралық ақпарат құралдар арқылы әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу басталғандығы туралы хабарландыру берілсін.

7. "Науырзым ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" (А.Т. Айтуарова), "Науырзым ауданының қаржы бөлімі" (Р.Т. Бөдекенова) мемлекеттік мекемелерінің бастықтары 1992 жылы туған бозбалаларды тіркеуді қамтамасыз ету үшін бюджетте қарастырылған шығындар шегінде қажетті қаражат бөлсін.

8. Науырзым ауданы әкімінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы № 1 "Қазақстан Республикасының 1990 жылы туған азаматтарын шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу туралы" (мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-16-63, "Науырзым" аудандық газеті, 2008 жылғы 5 наурыз, № 6) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

9. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

10. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қуатқановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Т. Ташмағамбетов